



**Талғат МҰСАБАЕВ,**  
ғарышкер-ұшқыш, Қазақстанның Халық қаһарманы:

# ОЛ ҒАРЫШҚА ҰШҚАНДА МЕН ҚАЛАЙ ҚУАНСАМ, МЕН САПАРҒА АТТАНҒАНДА ТОҚАҢ СОЛАЙ ҚУАНДЫ

Мен 1990 жылы ғарышкерлер отрядына тіркеліп, содан Қазақстанның ғарышқа ұшатын азаматы ретінде оқу-жаттығу дайындығына кірістім.

Бірақ 1991 жылы республикамыздың Президенті Назарбаевтың шешімімен Қазақстанның бірінші ғарышкері болып Тоқтар Дубәкіров белгіленді.

Президентіміз осы шешімі арқылы даналық қадам жасады деп ойлаймын. Себебі бұл кезде әскери сынақшы-ұшқыш Тоқтар Дубәкіровтің атағы әлемге мәшһүр, әрі осындай ұлы миссияны орындайтын бірден-бір ақберен азамат болатын. Тоқтар Оңғарбайұлы Кеңес Одағының еңбегі сіңген сынақшы-ұшқышы және Кеңес Одағының батыры, «Тбилиси» авианосеціне дыбыстан жылдам ұшатын ұшақты

қондырып, бірегей тәжірибе жасаған. Ол Кеңес Одағы авиациясында даңқты бірден-бір



Тоқтар мен Талғат. Қарағанды, 1991 жыл

әскери сынақшы-ұшқыш болатын. Сүйінішпен еске алатын жайт, Тоқтар Оңғарбайұлы Жер шарындағы ең үздік он әскери

сынақшы ұшқыштың бірі саналатын. Сондықтан да оның тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш ғарышкері болатын жолы еді. Ал мен Тоқтар Дубәкіровпен қосалқы ғарышкер болып жаттығуды қатар жүргізгенімді өзіме мәртебе санаймын.

Мен оны жақсы білемін және сыйлаймын. Бүгінгі оның «ердің жасы елуге» келіп отырған мерейтойы— бүкіл Қазақстан космонавтикасында ғарышқа тұңғыш жол ашқан азаматтың ғана емес, күллі Қазақстан халқының тойы. Ол ғарышқа ұшқанда мен қалай қуансам, мен сапарға аттанғанда

Тоқаң солай қуанды. Қазақстан ғарышнамасының тарихында Тоқтар Дубәкіровтің есімі алтын әріппен жазылып

қалды. Тұңғыш ғарышкердің кеңістікке сапары менің сапарыммен салыстырғанда әрине, өте аз— небары сегіз күнде өтті. Соған қарамастан, талантты ұшқыш дарындылық танытты, ғарышқа арналған қазақстандық тұңғыш бағдарламаны тиянақты орындап шықты. Тоқтардың ұшу бағдарламасының бірегейлігі де осында болса керек. Қанына сіңген кәсіби шеберлігін танытқан ғарышкер қысқа мерзім ішінде Қазақстан Ғылым академиясы ұсынған ғылыми эксперименттерді ойдағыдай орындап шықты. Сондай-ақ медициналық тәжірибелер жасалып, ғарыштан Қазақстан аумағы суретке түсірілді. Бұған биотехнологиялық аса күрделі санаттағы тәжірибелерді қосыңыз.

Қазақстан ғарыш саласының мамандары ұсынған бағдарлама тұңғыш ғарышкердің сапалы да жауапкершілікпен орындауының арқасында зор жетістікке ие болды. Шын мәнінде мұндай ғарыштық тәжірибе жасау үшін және ғарыш төсіне шығу үшін әрбір азамат жылдар бойы жіті дайындықтан өтеді. Ол қысқа мерзімде дайындықтан өтіп, кәсіби ғарышкерлердің қатарында тапсырылған міндетті орындап шықты. Әріптесім, әрі досым Тоқтар Оңғарбайұлының дара тұлғасын айқындайтын осынау бірегей ерлігі бізге өнеге.

Оның Тәуелсіз Қазақстанның авиациясы мен ғарыш саласын дамытуда елеулі үлес қоса беретініне сенемін. Дала қыраны әрқашанда биікті аңсайды. Қанатың талмасын, қадірлі досым, Тоқа!

«Егемен Қазақстан» газеті,  
27 шілде, 1996 жыл



Қазақтың қос ғарышкері Елбасымен